

Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Қысқартылған жеке аралық
қаржылық есептілік (аудиттелмеген)

*2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша
және осы күнге аяқталған алты ай үшін*

МАЗМҰНЫ

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері бойынша есеп

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік (аудиттелмеген)

Жеке аралық бухгалтерлік баланс	1
Жиынтық кіріс туралы жеке аралық есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық жеке есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық жеке есеп	4
Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке ескертпелер	5-21

Аралық қысқартылған жеке қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

Кіріспе

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша аралық жеке бухгалтерлік баланстан, көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін жиынтық кіріс туралы аралық жеке есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық жеке есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық жеке есептен, сондай-ақ таңдаулы түсіндірме ескертпелерден («аралық қысқартылған жеке қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық 34 (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қысқартылған жеке қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қысқартылған жеке қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қысқартылған жеке қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер

Адиль Сыздықов
Аудит жөніндегі директор



Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ - 0000172 біліктілік куәлігі

050060, Алматы, Қазақстан Республикасы
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2017 жылғы 15 қыркүйек



Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС
Бас директоры

Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ - 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде
берген

ЖЕКЕ АРАЛЫҚ БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		301	329
Материалдық емес активтер	4	17.308	13.960
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	5	4.093.345	4.032.432
Бірлескен кәсіпорынға инвестициялар	6	1.494.941	1.494.941
Берілген қарыздар	7	371.470	372.788
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	444.841	601.198
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	9	1.084	19.647
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив		81	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	10	58.390	25.660
		6.481.761	6.560.955
Ағымдағы активтер			
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		6.706	7.274
Берілген қарыздар	7	220.217	227.721
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	358.916	194.751
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	9	5.018	5.784
Басқа да ағымдағы активтер	11	186.472	98.351
Ақша қаражаты мен оның баламалары	12	309.347	236.546
		1.086.676	770.427
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		18.455	18.455
Активтер жиыны		7.586.892	7.349.837
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	13	5.108.924	5.058.658
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау жөніндегі резерв		(1.545)	4.018
Бөлінбеген пайда		269.292	205.360
Капитал жиыны		5.376.671	5.268.036
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	1.018.562	1.001.356
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	15	764.667	912.180
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер		24.909	27.958
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	16	9.952	10.793
		1.818.090	1.952.287
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	14	86.265	88.342
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	15	246.024	6.231
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер		6.098	6.098
Өзге ағымдағы міндеттемелер	16	53.744	28.843
		392.131	129.514
Міндеттемелер жиыны		2.210.221	2.081.801
Капитал мен міндеттемелер жиыны		7.586.892	7.349.837

Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы
директордың міндетін атқарушы



Бас бухгалтер

Е. Жанәділ
Ернар Жанәділ

Алмаз Әбдірахманова
Алмаз Әбдірахманова

5-21-беттер аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
Пайыздық кірістер	17	136.505	33.027
Пайыздық шығыстар	18	(133.120)	(58.905)
Дивидендтерден түскен кіріс	19	121.051	18.366
Жалпы пайда/(залал)		124.436	(7.512)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	20	(22.014)	(22.928)
Қаржылық кірістер	21	37.351	54.537
Қаржылық шығыстар		(14.881)	(5.266)
Қаржы және басқа да ағымдағы активтердің құнсыздануынан болған (шығын)/шығынның қалпына келтірілуінен түскен кіріс, нетто		(763)	183
Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығын	9	(12.828)	-
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс, нетто		10.216	1.630
Басқа да операциялық кірістер, нетто		1.063	647
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		122.580	21.291
Табыс салығы бойынша шығыстар	22	(5.094)	(6.039)
Кезеңдегі таза пайда		117.486	15.252
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі басқа да жиынтық зиян			
Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау		(12.222)	(2.253)
Сату үшін қолда бар инвестициялар бойынша іске асырылған шығын	9	6.659	-
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық шығын		(5.563)	(2.253)
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы		111.923	12.999

Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы
директордың міндетін атқарушы



Бас бухгалтер

Ernar Janadi

Ernar Janadi

Almaz Abdurakhmanova

Almaz Abdurakhmanova

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Дивидендтер бойынша түсімдер		9.167	42.734
Қарыздар бойынша түсімдер	14	22.904	17.543
Кредиттік мекемелердегі қаражатты өтеу		5.028	32.187
Берілген қарыздарды өтеу		15.053	6.274
Қаржы активтерін өтеу		997	996
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар алу		-	97.000
Өзге де түсімдер		862	632
Еншілес компанияларға қарыздар беру		(7.422)	(23.268)
Өнім жеткізушілерге төлемдер		(4.723)	(5.226)
Жалақы бойынша төлемдер		(1.783)	(1.404)
Демеушілік көмек беру	20	(15.000)	(15.000)
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы		(5.181)	(6.028)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(1.923)	(886)
Алынған пайыздар		40.867	47.252
Төленген пайыздар		(40.014)	(38.202)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		18.832	154.604
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Банк депозиттерін алу, нетто		84.425	10.565
Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына салынған жарналар	5	(61.135)	(146.786)
Еншілес ұйымға салынған инвестицияларды өткізуден түскен түсім	11	10.136	-
Негізгі құралдарды сатып алу		(43)	(169)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(7.378)	(2.375)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімдері/(жұмсалуды)		26.005	(138.765)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары			
Жарғылық капиталға жарналар	13	50.000	46.400
Қарыздар алу		-	56.004
Акционерге бөлу		(22.361)	(23.733)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		27.639	78.671
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы		72.476	94.510
Айырбастау бағамындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		325	-
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		236.546	140.575
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		309.347	235.085

Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы
директордың міндетін атқарушы



Бас бухгалтер

Ернар Жанәділ
Ернар Жанәділ

Алмаз Әбдірахманова
Алмаз Әбдірахманова

5-21-беттер аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	Жарғылық капитал	Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау жөніндегі резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша (аудиттелген)		4.916.269	5.131	164.673	5.086.073
Кезеңдегі таза пайда		–	–	15.252	15.252
Басқа да жиынтық шығын		–	(2.253)	–	(2.253)
Кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны		–	(2.253)	15.252	12.999
Акциялар шығару	13	50.866	–	–	50.866
Акционермен жасалатын өзге де операциялар		–	–	85	85
Акционерге өзге де бөлу	13	–	–	(23.733)	(23.733)
2016 жылдың 30 маусымына (аудиттелмеген)		4.967.135	2.878	156.277	5.126.290
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша (аудиттелген)		5.058.658	4.018	205.360	5.268.036
Кезеңдегі таза пайда		–	–	117.486	117.486
Басқа да жиынтық шығын		–	(5.563)	–	(5.563)
Кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны		–	(5.563)	117.486	111.923
Акциялар шығару	13	50.266	–	–	50.266
Акционерге өзге де бөлу	13	–	–	(53.554)	(53.554)
2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша (аудиттелмеген)		5.108.924	(1.545)	269.292	5.376.671

Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директордың міндетін атқарушы



Ernar Janadil

Ernar Janadil

Бас бухгалтер

Almaz Abdurakhmanova

Almaz Abdurakhmanova

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша және осы күнге аяқталған алты ай үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы Қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Қор «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі – «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өз меншік құқығын қосымша беру арқылы құрылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Үкімет Қордың құрылтайшысы болып табылады. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер») болып табылады.

2012 жылғы 1 ақпанда «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға бағытталуға тиіс.

Қор 5 және 6-ескертеде аталған бірқатар кәсіпорындардағы инвестицияларды иеленетін холдинг болып табылады.

Қордың әкімшілік мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 8.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті шығаруды 2017 жылғы 12 қыркүйекте Қордың Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директорының м.а. мен Бас бухгалтері бекітті.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік Қордың қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды. Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті шығаруды 2017 жылғы 12 қыркүйекте Қордың Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директорының міндетін атқарушы мен Бас бухгалтері бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік 34 «*Аралық қаржылық есептілік*» БЕХС («34 БЕХС») бухгалтерлік есептің халықаралық стандартына сәйкес дайындалды. Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық жеке қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллион теңгеге дейін дөңгелектенген.

Шетелдік валютаны қайта есептеу

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік функционалдық валюта және Қордың есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылды.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шетелдік валютаны қайта есептеу (жалғасы)

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепке қосылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстанда шетел валютасын айырбастаудың ресми нарықтық бағамдары ретінде пайдаланылады.

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгенің АҚШ долларына ресми бағамы 1 АҚШ доллары үшін тиісінше 322,27 және 333,29 теңгені құрады. 2017 жылғы 8 қыркүйекке айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 337,58 теңгені құрады.

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Қор алғаш рет пайдаланған қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Бұл қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындау мақсатында қолданылған есеп саясаты төменде келтірілгенді қоспағанда, 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланған саясатқа сәйкес келеді.

Мына жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулер 2017 жылдың 1 қаңтарынан басталатын қаржы жылы үшін алғаш рет қолдануға міндетті болып табылады:

- 12 «Өткізілмеген шығындар үшін кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» БЕХС (түзетулер);
- 7 «Ақпаратты ашып көрсету бастамасы» БЕХС (түзетулер).

Бұл стандарттар мен түзетулерді қолдану Қордың қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

3. ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫҚ СИПАТЫ

Қордың қызметі маусымдық сипатта емес және маусымдық ауытқулар ұшырамайды.

4. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2015 жылы Топтың бизнес-процестерін автоматтандыру мақсатында Қор «Қазақстан САП» ЖШС компаниясымен SAP бағдарламалық жасақтамасын сүйемелдеу бойынша қызметтерді пайдалану және мерзімсіз пайдалану құқығын алу туралы ұзақ мерзімді келісім жасасты. Сатып алу үш фазадан тұрады. 2017 жылғы 30 маусымға Қор жалпы құны 16.672 миллион теңге мөлшерінде болатын жобаның барлық үш фазасы бойынша лицензияларды алды (2016 жылғы 31 желтоқсанға: құны 13.172 миллион теңге болатын жобаның бірінші және екінші фазасы бойынша). Қор «Самұрық-Қазына Бизнес-Сервис» ЖШС-пен бақылауды бермей, сенімгерлік басқару шартын жасады, әрі ол Қор тобының портфельдік компанияларына лицензияларды бөлу және беру Операторы болып табылады. Бұл лицензиялар 2021-2022 жылдар ішінде беру жоспарланып отыр.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Мына кестеде еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар, олардың қызметі, тіркелген елі немесе Қордың еншілес ұйымдарының орналасқан жері, сондай-ақ Қордың бұл еншілес ұйымдардағы иелік ету үлесі көрсетілген:

Миллион теңгемен	Қызметінің түрі	Елі	Баланстық күн		Иелік ету үлесі	
			2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	Жүк және жолаушыларды теміржолмен тасымалдары	Қазақстан	1.432.683	1.382.683	100,00%	100,00%
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Мұнай-газ саласы	Қазақстан	1.187.053	1.187.542	90,00% – 1	90,00% – 1
«Самұрық-Энерго» АҚ	Жылуды және электр қуатын өндіру әрі тасымалдау	Қазақстан	452.608	452.608	100,00%	100,00%
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	ҚР тау-кен саласын дамыту	Қазақстан	293.135	293.135	100,00%	100,00%
«Біріккен химиялық компания» ЖШС	ҚР химия саласын дамыту	Қазақстан	240.822	233.516	100,00%	100,00%
«ҚазАтоменеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	Уранды өндіру	Қазақстан	147.634	147.368	100,00%	100,00%
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («KEGOC» АҚ)	Электр қуатын тарату	Қазақстан	120.648	120.648	90,00% + 1	90,00% + 1
«Қазақтелеком» АҚ	Тіркелген байланыс қызметтері	Қазақстан	93.212	93.212	51,00%	51,00%
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	Жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру	Қазақстан	31.849	31.849	100,00%	100,00%
«Қазпошта» АҚ	Пошталық қызмет және қаржылық қызметтер	Қазақстан	29.362	29.362	100,00%	100,00%
«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ	Машина жасау	Қазақстан	23.595	23.595	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Инвестициялық жобалар бойынша кәсіптік қызметтер	Қазақстан	23.088	19.258	100,00%	100,00%
«Эйр Астана» АҚ	Жолаушыларды әуе тасымалы	Қазақстан	7.276	7.276	51,00%	51,00%
«Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	6.029	6.029	100,00%	100,00%
«Павлодар әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	1.454	1.454	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Жобаларды басқару	Қазақстан	1.284	1.284	100,00%	100,00%
«Атырау» халықаралық әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	1.196	1.196	100,00%	100,00%
«КОРЭМ» АҚ	Электр қуаты нарығының операторы	Қазақстан	161	161	100,00%	100,00%
«AirKazakhstan» авиация компаниясы» АҚ	Жолаушыларды әуе тасымалы	Қазақстан	136	136	53,55%	53,55%
«Qazaq Air» АҚ	Жолаушыларды әуе тасымалы	Қазақстан	120	120	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Трансформацияны іске асыру бойынша сервистік қызметтер	Қазақстан	–	–	100,00%	100,00%
			4.093.345	4.032.432		

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда еншілес ұйымдарға салынған инвестицияларда мынадай өзгерістер болды:

- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ») жарғылық капиталына ақшалай нысанда 50.000 миллион теңге мөлшеріндегі салым (13-ескертпе).
- «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ жарғылық капиталына мүліктік салым күйінде 266 миллион теңге мөлшеріндегі салым (13-ескертпе).
- «Біріккен химиялық компания» ЖШС жарғылық капиталына ақшалай нысанда 7.306 миллион теңге мөлшерінде салым.
- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС жарғылық капиталына ақшалай нысанда 3.829 миллион теңге мөлшерінде салым.

6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялар былайша берілген:

Миллион теңгемен	2017 жылғы	2016 жылғы
	30 маусым (аудиттелмеген)	31 желтоқсан (аудиттелген)
Бірлескен кәсіпорын		
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	1.494.941	1.494.941
	1.494.941	1.494.941

Бірлескен кәсіпорынның қызметі, оның орналасқан жерінің елі және Қордың үлесі былайша берілген:

Компания	Қызметінің түрі	Елі	Иелік ету үлесі	
			2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Бірлескен кәсіпорын				
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	Мұнай-газ саласы	Нидерланд	50,00%	50,00%

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
 (жалғасы)**

7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР

Берілген қарыздарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар	394.168	391.418
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	140.151	141.177
- «Самұрық-Энерго» АҚ	81.318	81.670
- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	77.726	76.614
- «Қазтеміртранс» АҚ	60.000	60.000
- «Локомотив» АҚ	15.000	15.000
- «Qazaq Air» АҚ	16.026	13.304
- Басқа	3.947	3.653
Бөгде ұйымдарға және байланысты тараптарға берілген қарыздар	198.620	210.319
- Eurasian Resources Group (бұрынғы «Eurasian Natural Resources Corporation PLC»)	161.135	166.645
- «Елорда Даму» ЖШС	17.613	16.613
- «Досжан Темір Жолы» АҚ	8.224	8.396
- «АУТ Housing Complex» ЖШС	7.073	6.937
- «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	-	6.477
- Басқа	4.575	5.251
Бөгде ұйымдар мен байланысты тараптарға шығарылған облигациялар	2.975	2.873
Есептелген сыйақы	11.197	10.768
Минусы: құнсыздану резерві	(15.273)	(14.869)
Берілген қарыздардың жалпы сомасы	591.687	600.509
Минусы: ағымдағы бөлік	(220.217)	(227.721)
Ұзақ мерзімді бөлік	371.470	372.788

Қарыздар келесі валюталарда білдірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Теңгемен көрсетілген қарыздар	427.094	430.288
АҚШ долларында берілген қарыздар	164.593	170.221
	591.687	600.509

Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ («Жылжымайтын мүлік қоры»)

2016 жылы Қор Жылжымайтын мүлік қорымен 97.000 миллион теңге жалпы сомаға қарыз шартын жасады, соған сәйкес 2017 жылғы 17 қаңтарда Қор «Нұрлы Жол» бағдарламасын іске асыру шеңберінде коммерциялық тұрғын үйдің құрылысын қаржыландыру үшін 2026 жылғы 1 сәуірге дейін өтеу мерзімімен және 0,15% сыйақы мөлшерлемесімен 4.500 миллион теңге мөлшерінде қосымша транш берді. Қаржыландыру Ұлттық қордың қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Бастапқы мойындау кезінде осы қарыз сыйақының тиісті нарықтық мөлшерлемелерін пайдалана отырып, 2.111 миллион теңгені құрайтын әділ құнмен бағаланды. Мойындаған күндегі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы 2.389 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық басқа міндеттемелердің азаюы ретінде танылды (16-ескертпе).

2017 жылғы 30 маусымға бұл қарыз бойынша негізгі борыштың сомасы 22.864 миллион теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 19.844 миллион теңге) құрады.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар (жалғасы)

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (жалғасы)

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Жылжымайтын мүлік қоры 4.045 миллион теңге (2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 2.874 миллион теңге) сомасына қарыздарды ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2017 жылғы 30 маусымға Жылжымайтын мүлік қорына берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 141.355 миллион теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 142.266 миллион теңге).

«Qazaq Air» АҚ

2017 жылғы 13 наурызда Қор және «Qazaq Air» АҚ несие шартын жасады, соған сәйкес 13.303 миллион теңге мөлшеріндегі пайызсыз қаржылай көмек бойынша берешек жылдық 5,5% сыйақы мөлшерлемесімен қарызға айырбасталды. Айырбастау күніне қаржылай көмектің баланстық құны негізгі борыштың сомасына тең болды.

Сондай-ақ, 2017 жылғы 29 наурызда Қор және «Qazaq Air» АҚ 6.523 миллион теңгеге дейінгі мөлшерде қарыз шартын жасады, соған сәйкес 2017 жылдың бірінші жартыжылдығының ішінде Қор жылдық 5,5% сыйақы мөлшерлемесімен 2.722 миллион теңге жалпы сомаға 4 транш берді.

«Qazaq Air» АҚ берген қарыздар 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтелуі тиіс және тиісті корпоративтік шешімдер қабылданғаннан кейін акцияларға айырбасталуы мүмкін.

Бөгде және байланысты тараптарға берілген қарыздар

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС

2017 жылғы 17 қаңтарда «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС 7.500 миллион теңге мөлшерінде қарызды мерзімінен бұрын өтеді. «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС қарызының мерзімінен бұрын өтелуіне орай 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепте 1.023 миллион теңге мөлшерінде дисконт амортизациясы бойынша кірістер мойындалды (17-ескертілме).

8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа мыналар кірді:

Миллион теңгемен	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
10 ірі жергілікті банктер	472.207	526.533
Өзге де жергілікті кредиттік мекемелер	323.752	268.279
Есептелген сыйақы	7.798	8.735
Минусы: құнсыздану резерві	–	(7.598)
Кредит мекемелеріндегі қаражаттың жалпы сомасы	803.757	795.949
Минусы: ағымдағы бөлік	(358.916)	(194.751)
Ұзақ мерзімді бөлік	444.841	601.198

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
ВВВ-(Ваа3)-дан ВВ-(Ва3)-ға дейін рейтинг	81.464	93.257
В+(В1)-дан В-(В3)-ға дейін рейтинг	270.915	325.212
ССС+(Саа1)-дан СС(Са)-ға дейін рейтинг	173.998	214.293
С(С)-дан D(D)-ға дейін рейтинг	3.147	–
Рейтинг жоқ	274.233	170.785
Минусы: құнсыздану резерві	–	(7.598)
	803.757	795.949

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «БТА Банкі» АҚ-ның, «Қазақстанның Тұрғын-үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның рейтингісі болмады (2016 жылғы 31 желтоқсанға: «БТА Банкі» АҚ, «Қазақстанның Тұрғын-үй құрылыс жинақ банкі» АҚ мен «Қазинвестбанк» АҚ).

Кредиттік мекемелердегі қаражат келесі валюталарда білдірілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Теңгемен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	767.570	756.596
АҚШ долларымен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	36.187	39.353
	803.757	795.949

Негізінен, кредиттік мекемелердегі қаражат Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражатты (нысаналы қарыздар), сондай-ақ уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде орналастырылған банк депозиттерін білдіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері	357.906	432.699
Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктер мен басқа да қаржы ұйымдарында орналастырылған қаражат	445.851	363.250
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	803.757	795.949
Минусы: ағымдағы бөлік	(358.916)	(194.751)
Ұзақ мерзімді бөлік	444.841	601.198

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде Қор қазақстандық екінші деңгейдегі банктерге депозиттерді орналастырады. 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді банк депозиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдық 5,09% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 5,36%), қысқа мерзімді банк депозиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдық 6,32% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 8,8%) болды.

«Delta Bank» АҚ-дағы қаражат

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қордың «Delta Bank» АҚ-да 19.000 миллион теңге мөлшерінде банктік депозиттері болды. 2017 жылғы ақпанда Standart&Poors рейтинг агенттігі «Delta Bank» АҚ-ның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін «СС/С» бастап «D/D» дейін («дефолт») және артықшылықты қамтамасыз етілмеген облигациялар шығарылымының рейтингтерін «СС» бастап «D» дейін төмендетті.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері (жалғасы)

«Delta Bank» АҚ-дағы қаражат (жалғасы)

2017 жылғы 4 шілдеде Қор Банк акционері мен «Корпорация «АПК-Инвест» ЖШС-тің кепілдіктерін ала отырып «Delta bank» АҚ, «Қазпошта» АҚ мен «Leader Invest Company» ЖШС арасында 3.150 миллион теңге мөлшеріндегі борышты талап ету (цессия) және аудару құқын басқаға беру туралы Шартты жасады. Шартты жасау күніне банктік салым сомасы «Қазпошта» АҚ банк салымдарына аударылды.

Банкте «Delta bank» АҚ-да орналастырылған қаражатты өтеу бойынша жүргізіліп отырған жұмысқа орай, Қор 2016 жылы есептелген 5.700 миллион теңге мөлшеріндегі құнсыздану резервін түзетпеді. 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Delta bank» АҚ-дағы мерзімі өткен депозиттердің өтелімділігіне қатысты белгісіздіктердің болуын ескере отырып, Қор 10.554 миллион теңге сомасындағы ақша қаражатын басқа активтерге қайта жіктеді (11-ескертпе).

«Қазинвестбанк» АҚ-дағы қаражат

Қор «Қазинвестбанк» АҚ-дағы қаражатты өтеу үшін қолға алған шараларды назарға ала отырып, Қор 2016 жылы есептелген 1.898 миллион теңге мөлшеріндегі құнсыздану резервін түзетпеді. Қор 778 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатын басқа активтерге қайта жіктеді (11, 12-ескертпелер).

Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктер мен басқа да қаржы ұйымдарында орналастырылған қаражат (нысаналы қарыздар)

2017 жылғы 30 маусымға Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражат, негізінен, мынадай қаржы ұйымдары мен банктерге теңгемен берілген қарыздар мен банк салымдары ретінде көрсетілген:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 25.243 миллион теңге сомаға (2016 жылғы 31 желтоқсан: 25.279 миллион теңге) шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мақсаттары үшін. Осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер 2%-дан бастап 5,5%-ға дейінгі жылдық %-ды құрайды.
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржылық лизингті қолдандыру құнын азайту, қазақстандық локомотивтер экспортын ынталандыру және экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларға кредит беру мөлшерлемесін азайту мақсаттары үшін тиісінше 17.490 миллион теңге, 3.826 миллион теңге және 2.670 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 17.020 миллион теңге, 3.746 миллион теңге және 2.908 миллион теңге). Осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 0,2%-дан бастап 0,6%-ға дейін құрайды.
- Екінші деңгейдегі банктерге ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға және студенттерге, Астана мен Алматы қалаларында тұрғын үй объектілерін салуға кредит беруге және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге тиісінше 85.034 миллион теңге, 37.353 миллион теңге және 30.228 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 88.614 миллион теңге, 38.250 миллион теңге және 29.634 миллион теңге) қарыз берілген. Осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 1%-дан бастап 7,28%-ға дейін құрайды.
- «БТА Банк» АҚ банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде жалпы банктік мақсаттарға және өтемақы сомаларында қолма-қол қаражат үлесін төлеу үшін 244.007 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау үшін 138.621 миллион теңге) мөлшерінде қарыз берілген. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі 4%-ды құрады. 2017 жылғы 3 шілдеде «БТА Банкі» АҚ қарызды толықтай мерзімінен бұрын өтеді. «БТА Банкі» АҚ қарызының мерзімінен бұрын өтелуіне орай 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепте 101.454 миллион теңге мөлшерінде дисконт амортизациясы мойындалды (17-ескертпе). Бұл қаражат Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі сатып алған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге бағытталды (15-ескертпе).
- 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қордың кредиттік мекемелердегі мерзімі өткен және құнсызданған қаражаты болған жоқ.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

9. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Басқа да қаржы активтеріне мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары		
«Қазкоммерцбанк» АҚ-ның (ККБ) үлестік бағалы қағаздары	–	18.643
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ («Халық Банкі») үлестік бағалы қағаздары	–	–
«Астана-Финанс» АҚ-ның үлестік бағалы қағаздары	6.516	6.516
Борыштық бағалы қағаздар	6.102	6.788
Минусы: құнсыздану резерві	(6.516)	(6.516)
Басқа қаржы активтерінің жалпы сомасы	6.102	25.431
Минусы: ағымдағы бөлік	(5.018)	(5.784)
Ұзақ мерзімді бөлік	1.084	19.647

ҚКБ үлестік бағалы қағаздары

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың меншігіндегі ҚКБ жай акцияларының қалдығы 85.517.241 дананы құрады. 2017 жылғы 15 маусымда Қор және Халық Банкі ҚКБ акцияларын сатып алу-сату шартын жасады, әрі ол ҚКБ-ның орналастырылған акцияларының 10,72% құраған ҚКБ-ның 85.517.241 дана жай акциясын өткізуді көздейді. 2017 жылғы 5 шілдеде мәміле аяқталды, өткізу құны 1 теңгені құрады (26-ескертпе).

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қор ҚКБ акцияларын 1 теңге мәміле құны бойынша сатуға арналған деп жіктелген активтердің құрамында мойындады.

Сату үшін қолда бар активтің құнсыздануы бойынша жұмсалған шығынның жалпы әсері 6.659 миллион теңге болды, ол сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резервінен жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепте шығын құрамында қайта жіктелді.

Сондай-ақ ҚКБ акцияларын сатуға арналған активтердің құрамына қайта жіктеудің нәтижесінде және активті ең аз құны бойынша есепке алу жөніндегі ҚЕХС талаптарын ескере отырып, Қор 6.169 миллион теңге мөлшерінде сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануынан болған шығынды мойындады.

10. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Басқа да ұзақ мерзімді активтерге мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	50.248	17.374
Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік	1.024	1.717
Басқасы	7.589	7.040
Минусы: құнсыздану резерві	(471)	(471)
	58.390	25.660

Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек мынадай банктердің акциялары үшін мерзімі ұзартылған төлемдердің дисконтталған құнында көрсетілген:

- Өтемұратов мырзадан «Темірбанк» АҚ акциялары үшін 2019 жылғы 15 мамырға дейін 17.115 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 13.391 миллион теңге);
- Өтемұратов мырзадан «Альянс Банк» АҚ акциялары үшін 2020 жылғы 3 наурызға дейін 5.178 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 3.983 миллион теңге);
- Ракишев мырзадан «БТА Банкі» АҚ акциялары үшін 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін 27.955 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 76.751 миллион теңге).

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

11. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

Басқа да ағымдағы активтерге мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Алынуға жататын дивидендтер:	128.484	16.600
- «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	65.849	-
- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	41.330	-
- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	16.425	16.425
- «Самұрық-Энерго» АҚ	4.705	-
- Басқа	175	175
«БТА Банкі» АҚ акцияларының сатылғаны үшін дебиторлық берешек	41.075	76.751
«Delta Bank» АҚ мен «Қазинвестбанк» АҚ депозиттер	18.540	-
Басқа да дебиторлық берешек	8.806	7.614
Басқасы	2.124	1.986
Минусы: құнсыздану резерві	(12.557)	(4.600)
	186.472	98.351

«БТА Банкі» АҚ акцияларының сатылғаны үшін дебиторлық берешек

«БТА Банкі» АҚ-ның 6.811 миллион теңге жалпы сомаға берешегі 2017 жылғы мамырда-маусымда бірнеше траншпен өтелді.

Ракишев мырзаның 3.325 миллион теңге мөлшеріндегі берешегі 2017 жылдың бірінші жартыжылдығының ішінде өтелді.

Ракишев мырзадан «БТА Банкі» АҚ акциялары үшін дебиторлық берешекті өтеу мерзімінің 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылуына орай 30.000 миллион теңге мөлшеріндегі қалған қысқа мерзімді дебиторлық берешек ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құрамына қайта жіктелді (10-ескертілген).

12. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен оның баламаларына мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Банктердегі ағымдағы шоттар, теңгемен	194.806	130.295
Банктерде АҚШ долларында және өзге шетел валюталарында ағымдағы шоттар	8.214	335
Банктердегі ағымдағы шоттар, еуроға	2.583	2.718
Ұлттық банктегі мерзімді депозит, теңгемен	27.000	27.001
Екінші деңгейдегі банктердегі мерзімді депозиттер, теңгемен	76.744	76.197
	309.347	236.546

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ағымдағы шоттар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме жылдық 1,08% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 0,001%), екінші деңгейдегі банктердегі мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдық 8,5% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 11,9%) болды.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)**

13. КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

Акцияларға ақы төлеу	Шығаруға рұқсат етілген және шығарыл- ған акциялар- дың саны	Акциялардың номинал құны, теңгемен	Жарғылық капитал, миллион теңгемен
2015 жылдың 31 желтоқсанына (аудиттелген)	3.481.667.508		4.916.269
Ақша қаражатымен төленген жарналар	1.500	20.000.000	46.400
Мүлік жарналары	250	17.862.160	4.466
2016 жылдың 30 маусымына (аудиттелмеген)	3.481.669.258		4.967.135
2016 жылдың 31 желтоқсанына (аудиттелген)	3.481.670.758		5.058.658
Ақша қаражатымен төленген жарналар	500	100.000.000	50.000
Мүлік жарналары	265.983	1.000	266
2017 жылдың 30 маусымына (аудиттелмеген)	3.481.937.241		5.108.924

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 3.481.937.241 акция толығымен төленді (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 3.481.670.758 акция).

Акциялар шығару

Ақша қаражатымен төленген жарналар

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Акционер 50.000 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатымен Қордың жарғылық капиталына жарнаны жүзеге асырды. Бұл қаражат ҚТЖ жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыруға арналған (5-ескертпе).

Мүлік жарналары

2017 жылғы 18 наурызда Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қордың жарғылық капиталына мүліктік салым күйінде 266 миллион теңге мөлшерінде жарна жасады. Бұл мүлік «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ еншілес ұйымының жарғылық капиталына берілді (5-ескертпе).

Акционерге өзге де бөлу

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Акционер өкімінің негізінде, Қор 53.554 миллион теңге (2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 23.733 миллион теңге) жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобалардың қаржыландырылуын мойындады. Осы қаржыландыру капиталдағы өзгерістер туралы аралық жеке есепте Акционерге өзге де бөлулер ретінде танылды.

Акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс.

Миллион теңгемен	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Активтер жиыны	7.586.892	7.349.837
Минусы: материалдық емес активтер	(17.308)	(13.960)
Минусы: міндеттемелер жиыны	(2.210.221)	(2.081.801)
Жай акциялар үшін таза активтер	5.359.363	5.254.076
Жай акциялардың саны	3.481.937.241	3.481.670.758
Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)	1,539	1,509

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. ҚАРЫЗДАР

Қарыздарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Шығарылған және еншілес ұйымдар сатып алған облигациялар:		
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	40.570	42.624
- «Самұрық-Энерго» АҚ	223	223
Алынған қарыздар	704.884	689.374
Өзге де ұйымдар шығарған, сатып алған облигациялар	359.150	357.477
Қарыздардың жалпы сомасы	1.104.827	1.089.698
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде	(86.265)	(88.342)
12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар	1.018.562	1.001.356

Қарыздар келесі валюталарда білдірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Теңгемен көрсетілген қарыздар	623.294	592.642
АҚШ долларында берілген қарыздар	481.533	497.056
	1.104.827	1.089.698

Алынған қарыздар

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-нан қаржылай көмек

2017 жылғы бірінші жартыжылдықта Қор «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-нан 22.904 миллион теңге мөлшерінде қосымша транштар алды, әрі олар Қордың купондық облигациялар бойынша міндеттемелерін өтеуге бағытталды. 3.390 миллион теңге мөлшерінде транштардың берілу күнгі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепте қаржылық кіріс ретінде танылды (21-ескертпе).

2017 жылғы 30 маусымда негізгі борыштың жалпы сомасы 223.351 миллион теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 192.318 миллион теңге).

15. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ

Үкіметтің қаражатына мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	879.083	796.273
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	70.337	62.101
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған басқа да қарыздар	61.271	60.037
Қазақстан Республикасы Үкіметі қарыздарының жалпы сомасы	1.010.691	918.411
Минусы: ағымдағы бөлік	(246.024)	(6.231)
Ұзақ мерзімді бөлік	764.667	912.180

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ (жалғасы)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар

2017 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, «Самұрық-Қазына» ҰОҚ АҚ, «Проблемалы кредиттер қоры» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ, «БТА Банкі» АҚ, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ және К.Х. Ракишев мырза арасындағы Үлгі келісімнің талаптарына сәйкес «БТА Банкі» АҚ 2017 жылғы 3 шілдеде Самұрық-Қазынаның алдында 239.771 миллион теңге сомаға қарызды мерзімінен бұрын өтеді (8-ескертпе). Үлгі келісімде Қордың бұл қаражат есебінен Ұлттық банк алдында ағымдағы міндеттемелерді одан әрі өтеу міндеттемесі көрсетілді.

Осыған орай, Қордың корпоративтік шешімдеріне сәйкес мыналарды жүзеге асыру туралы шешім қабылданды:

- Қор облигацияларының сегізінші шығарылымының шеңберінде 70.196 миллион теңге сомаға облигациялардың номиналды құны бойынша міндеттемелерді толық мерзімінен бұрын өтеу;
- Қор облигацияларының жетінші шығарылымының шеңберінде 73.000 миллион теңге сомаға облигациялардың номиналды құны бойынша міндеттемелерді толық мерзімінен бұрын өтеу;
- Қор облигацияларының оныншы шығарылымының шеңберінде 96.575 миллион теңге сомаға облигациялардың әділ құны бойынша міндеттемелерді ішінара сатып алу.

Бұл облигациялар 2017 жылғы шілдеде және тамызда өтелді (26-ескертпе).

Ұлттық банк алдындағы міндеттемелердің мерзімінен бұрын өтелуі туралы жоғарыда аталған шешімге орай Қор 79.449 миллион теңге мөлшерінде қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясын жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепте пайыздық шығыстар құрамында мойындады (18-ескертпе).

16. БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Акционер өкімінің негізінде, Қор 53.554 миллион теңге жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобалардың қаржыландырылуын мойындады (13-ескертпе).

Бірінші жартыжылдықта нақты аударылған қаражатты ескере отырып, 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Акционерге бөлу бойынша міндеттемелердің баланстық құнының жалпы сомасы 21.458 миллион теңге мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелерді және 9.952 миллион теңге мөлшеріндегі ұзақ мерзімді міндеттемелерді бөле отырып, 31.410 миллион теңгені құрады.

Сондай-ақ, 2017 жылғы 30 маусымға Қордың Үкімет қаражатымен байланысты басқа да міндеттемелері бар, олар 26.766 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 29.193 миллион теңге) мөлшеріндегі жалпы соманы құрады. 2.427 миллион теңге мөлшеріндегі басқа міндеттемелердің азаюы Жылжымайтын мүлік қорының 2.389 миллион теңге мөлшеріндегі қарыздарды бастапқы мойындау кезінде дисконттауды есептеу (7-ескертпе) және 38 миллион теңге мөлшеріндегі қаржы құралын жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепте басқа да кірістердің құрамында бастапқы мойындаудан пайданы есептеу есебінен болды (17-ескертпе).

17. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

Пайыздық кірістерге мыналар кіреді:

Миллион теңгемен	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы (7, 8-ескертпелер)	114.385	10.306
Қарыздар бойынша сыйақы	22.076	22.714
Облигациялар бойынша сыйақы	6	7
Басқа	38	–
	136.505	33.027

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

18. ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР

Пайыздық шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы (15-ескертпе)	94.496	17.500
Облигациялар бойынша сыйақы	30.464	30.425
Қарыздар бойынша сыйақы	8.160	6.682
Қаржы активтерін дисконттау	–	4.298
	133.120	58.905

19. ДИВИДЕНДТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІС

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	65.849	12.031
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	41.330	–
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ	6.582	–
«Самұрық-Энерго» АҚ	4.705	2.041
«Қазақтелеком» АҚ	2.254	1.848
«Эйр Астана» АҚ	–	1.585
Басқа да еншілес ұйымдар	331	861
	121.051	18.366

20. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Жалпы әкімшілік шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
Демеушілік көмек	15.000	15.000
Жалақы бойынша шығыстар	1.448	1.136
Кеңес беру қызметтері	523	991
Есепке алынбайтын ҚҚС	709	1.530
Басқасы	4.334	4.271
	22.014	22.928

Демеушілік көмек

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Қор өзінің Қайырымдылық саясатына сәйкес 15 миллиард теңге мөлшерінде бекітілген жылдық шығыстар жоспары сомасының шегінде қаржыландырды. Қаржы қаражаты «Самұрық-Қазына Trust» Корпоративтік қоры – бірегей Оператор арқылы іске асырылатын бірқатар жобаны қаржыландыру үшін берілді.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)**

21. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

Қаржылық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
Банк депозиттері бойынша сыйақы	18.736	23.494
Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	10.801	7.106
Алынған қарыздар бойынша дисконт (14-ескертпе)	3.390	21.133
Қаржылық кепілдіктердің амортизациясы	3.096	2.587
Ағымдағы банк шоттары бойынша сыйақылар	31	–
Басқасы	1.297	217
	37.351	54.537

22. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Табыс салығы бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	5.181	6.024
Кейінге қалдырылған салық бойынша (үнемділік)/шығыстар	(87)	15
	5.094	6.039

23. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Келесі кестелерде байланысты тараптармен 2017 және 2016 жылдарың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін жасалған мәмілелердің жалпы сомасы және 2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялардың сальдосы көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Байланысты тараптардың берешегі	Байланыс тараптарға берешек	Ақша қаражаты мен байланысты тараптарда орналастырыл- ған депозиттер	
Еншілес ұйымдар	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	525.497	273.745	–
	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)	410.573	245.282	–
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	8.228	–	–
	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)	14.941	–	–
Мемлекет бақылайтын өзге кәсіпорындар	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	265.116	1.162.268	207.562
	2016 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)	268.763	1.072.374	156.423

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

23. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша байланысты тараптардың берешегіне Қордың қызметті және өзінің еншілес ұйымдары мен басқа да байланысты тараптардың елеулі келісімшарттарын қаржыландыру үшін қаржы мекемелері берген кепілдіктер бойынша міндеттемелері кіреді.

Миллион теңгемен		Дивидендтер-ден түскен кіріс	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптардан алынған сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген сыйақы
Мемлекет бақылайтын өзге кәсіпорындар	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	–	–	12.726	114.179
	2016 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	–	–	12.371	39.612
Еншілес ұйымдар	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	121.051	937	15.394	13.913
	2016 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	18.366	3.012	9.850	5.103
Өзге де байланысты тараптар	2017 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	–	–	301	–
	2016 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	–	–	434	–

Негізгі басқарушы персоналға төленген, қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы жеке есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасын 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін 319 миллион теңге (2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 347 миллион теңге) құрайды. Аталған сомаларға 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 185 миллион теңге (2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 152 миллион теңге) жалпы сомада Басқарма мүшелерінің сыйақысы кіреді. Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы салықтар мен зейнетақы аударымдарын және бір жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша өзге де төлемдерді ескере отырып, жалақы бойынша шығыстардан тұрады.

24. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Қаржы құралдарының әділ құны

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржы құралдарының (баланстық) ағымдағы құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына барынша жақын болып табылады:

Миллион теңгемен	2017 жыл		2016 жыл	
	Ағымдағы құн	Әділ құны	Ағымдағы құн	Әділ құны
Қаржы активтері				
Кредиттік мекемелердегі қаражат	713.067	689.035	624.051	608.983
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар (7-ескертпе)	591.687	547.840	600.509	553.524
Дебиторлық берешек (10, 11-ескертпелер)	91.323	90.856	94.125	92.174
Қаржылық міндеттемелер				
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар алынған қарыздар/шығарылған облигациялар (14-ескертпе)	623.294	638.455	592.642	571.050
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (15-ескертпе)	1.010.691	816.660	918.411	729.061
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	31.008	43.409	34.056	42.780

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

25. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Шартты міндеттемелер

Қор елеулі міндеттемелердің пайда болу ықтималдығының дәрежесін бағалайды және міндеттемелердің пайда болуына алып келетін оқиғалар ықтималдығы жеткілікті болған жағдайда, ал тиісті міндеттемелердің сомасы дұрыс айқындалуы мүмкін жағдайда ғана өзінің аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігінде тиісті резервті көрсетеді. Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікте қандай да бір шартты міндеттемелер бойынша резерв құрылған жоқ.

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қордың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жылдық жеке қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілген қаржылық және шартты міндеттемелерде елеулі өзгерістер болған жоқ.

26. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Қаржы активтері

2017 жылғы 5 шілдеде 85.517.241 дана көлемінде ККБ жай акцияларын «Қазақстанның Халық банкі» АҚ пайдасына өткізу мәмілесі аяқталды, өткізу құны 1 теңге болды.

Кредиттік мекемелердегі қаражат

2017 жылғы 3 шілдеде «БТА Банкі» АҚ 239.771 миллион теңге мөлшерінде қарызды толықтай мерзімінен бұрын өтеді.

Басқа да активтер

2017 жылғы 1 шілдеде ККБ «БТА Банкі» АҚ акциялары үшін 41.075 миллион теңге мөлшерінде қысқа мерзімді дебиторлық берешекті өтеді.

Үкімет қаражаты

Қор «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» АҚ алдындағы облигациялар бойынша міндеттемелерді мерзімнен бұрын өтеді:

- 2017 жылғы 5 шілдеде Қор облигацияларының сегізінші шығарылымының шеңберінде 70.196 миллион теңге сомаға облигациялардың номиналды құны бойынша толық мерзімінен бұрын өтеу;
- 2017 жылғы 15 тамызда Қор облигацияларының жетінші шығарылымының шеңберінде 73.000 миллион теңге сомаға облигациялардың номиналды құны бойынша толық мерзімінен бұрын өтеу;
- 2017 жылғы 15 тамызда Қор облигацияларының оныншы шығарылымының шеңберінде 96.575 миллион теңге сомаға әділ құны бойынша міндеттемелерді ішінара сатып алу.